



## Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдама туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 234 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 966 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2014.11.24 № 966 Жарлығымен.*

### Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдама мақұлданды.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

### *Президенті*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N 2 3 4 Ж а р л ы ғ ы м е н  
М А Қ Ұ Л Д А Н Ғ А Н

## Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі ТҰЖЫРЫМДАМА

- 1 . К і р і с п е
  2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері
  3. Қазіргі жай-күйді талдау
  4. Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындау жөніндегі шаралар
  - 5 . Қ о р ы т ы н д ы
- ҚОСЫМША

### 1. Кіріспе

Елдің дүниежүзілік экономикаға белсенді кірігуі, елдің егемен кредиттік рейтингінің жақсаруы, шетел инвестицияларының үлкен көлемін тарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) валюта

режимін ырықтандыру жөніндегі жоспарлары Қазақстан Республикасының орнықты дамуында сөзсіз шешуші рөл атқарады.

Соған қарамастан, экономиканың ашықтық дәрежесін арттыруға бағытталған қадамдар, сондай-ақ толыққанды ішкі қаржы нарығын қалыптастыру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органының республиканың экономикалық қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөнінде, сондай-ақ борыш құралдарының ішкі нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде бірқатар шаралар қабылдауына а л ы п к е л е д і .

Біріншіден, бұл - қаржы секторы тұрақтылығының қажетті деңгейін қамтамасыз етуді және экономика салаларын дамытуды ескере отырып, несие капиталының сыртқы және ішкі нарықтарында қарыз алуды дұрыс жоспарлау мәселесі. Екіншіден, бұл - мемлекеттік сектордың борышын басқару тетіктерін жетілдіру және қажетті нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жеке сектордың сыртқы борышын реттеу мәселесі.

Халықаралық тәжірибе байыпты қарыз алу саясатын жүргізу және мемлекеттік сектордың борышын басқару және жеке сектордың сыртқы борышын реттеу саласында мемлекеттің әлеуетін нығайту үшін қажетті шараларды уақтылы қабылдау елдің макроэкономикалық тұрақтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең маңызды фактор болып табылатындығын к у ә л а н д ы р а д ы .

Әлемдік практикада, әдетте, көптеген елдердің сыртқы және ішкі нарықтарда өз қарыз алу стратегиялары және борышты басқару саласындағы әлеуетін нығайту жөніндегі жоспарлары бар. Бұл қажеттіліктер капиталдың ішкі нарығын дамыту дәрежесімен, валюта режимінің ерекшеліктерімен, макроэкономикалық саясаттың және нормативтік реттеу шараларының сапасымен, реформаларды әзірлеу және жүзеге асыру саласында ұйымдастыру-құқықтық әлеуетпен, елдің кредитке қабілеттілігімен және оның борышты басқару саласындағы мақсаттарымен а й қ ы н д а л а д ы .

Экономикалық ахуалын және институционалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке бір ел алып қарайтын берешектің экономикалық жағынан қолайлы деңгейлері көрсеткіштерінің (өлшемдерінің) белгілі бір біріздендірілген н о р м а л а р ы б а р .

Бұрын Қазақстан Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдарының және Ұлттық Банкінің борыштарын қамтитын мемлекеттік сыртқы борышты басқаруға басым көңіл бөлді. Бұрын қабылданған шаралардың нәтижесінде мемлекеттік борыш 2001 жылдан бастап азайып отыр. Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша қазіргі уақытта Қазақстанның мемлекеттік сыртқы борышының мөлшері

бірқалыпты болып табылады.

Бұл ретте, елдің жалпы сыртқы борышы 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) 80,9%-ін құрай отырып, 2001 жылдан бастап өсіп келеді. Халықаралық ұйымдардың жіктемесі бойынша көрсетілген көрсеткіштер Қазақстанды сыртқы борышының бірқалыпты деңгейі бар елдер тобына жатқызуға мүмкіндік береді. Алайда, жалпы сыртқы борышты одан әрі арттыру елдің ішкі экономикалық жағдайларына ғана емес, экономикалық қауіпсіздігіне де теріс әсерін тигізе алады.

Бұдан басқа, қаржы қауіпсіздігінің тиімді жүйесін қамтамасыз ету мақсатында ЖІӨ-ге шаққанда белгіленген қатынас шегінде орта мерзімді кезеңде елдің жалпы сыртқы борышының деңгейін ұстап тұру қажет.

Елдің борышын басқарудың тиімді жүйесін жасау үшін мемлекеттік борышты, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышын, мемлекеттің шартты міндеттемелерін басқару және жеке сектордың сыртқы борышын реттеу сапасын арттыруға бағытталған бірқатар шаралар қабылдау қажет.

## **2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері**

Осы Тұжырымдаманың мақсаты елдің жалпы сыртқы борышының қазіргі деңгейін орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-ге шаққанда 65-70% деңгейіне дейін азайтуға және ұзақ мерзімді перспективада елдің жалпы сыртқы борышын ел үшін қауіпсіз деңгейде ұстап тұруға, мемлекеттік борышты, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышын, мемлекеттің шартты міндеттемелерін сапалы басқаруға және несие капиталының сыртқы нарықтарында жеке сектордың қарыз алу мәселелерін тиімді реттеуге ықпал етуге мүмкіндік беретін елдің борышын басқарудың біртұтас және тиімді жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Тұжырымдаманың міндеттері мыналар болып табылады:

мемлекеттік сектордың борышын, оның ішінде борыштық міндеттемелер бойынша тиісті есеп жүргізу бөлігінде басқару жүйесін оңтайландыру борыш жай-күйінің жүйелік мониторингін және оны бақылауды жүзеге асыру, тәуекелдерді басқару, мемлекеттік органдар мен мемлекет басым қатысатын ұйымдардың тиімді өзара іс-қимылы;

жалпы сыртқы борышты ұсынудың құрамы мен құрылымын халықаралық әдіснамалық стандарттарға барынша жақындату;

Қазақстан үшін "дабылды" бастапқы мәндер ретінде әрекет ететін жалпы сыртқы борыштың орта мерзімді перспективаға арналған салыстырмалы көрсеткіштерін айқындау, оларға сәйкес мемлекеттік органдар жалпы сыртқы борыштың осы шектерден асып кетуіне жол бермеу үшін белгілі бір шектеу

шараларын қабылдайтын болады;  
несие капиталының сыртқы нарықтарында жеке сектордың қарыз алу мәселелерін реттеу тетіктерін айқындау;  
борыш құралдарының ішкі нарығын дамыту үшін алғышарттар жасау.

### 3. Қазіргі жай-күйді талдау

Соңғы уақытта республиканың жалпы сыртқы борышының көлемі едәуір қарқынмен өсіп отыр. 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бағалау бойынша елдің жалпы сыртқы борышының көлемі 2001 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда абсолюттік мәнде 13,8 млрд. АҚШ долларынан 53,9 млрд. АҚШ долларына дейін, елдің ЖІӨ-не шаққанда 68,2%-тен 80,9%-ке дейін а р т т ы .

Бағалау бойынша елдің жалпы сыртқы борышының өсімі 2004, 2005 жылдары және 2006 жылдың бірінші жартыжылдығында ғана тиісінше 10, 10,6 және 10,4 млрд. АҚШ долларын құрады. 2005 жылғы 1 шілдеден бастап 2006 жылғы 1 шілде кезеңіндегі 1 жылда жалпы сыртқы борыштың өсімі 18 млрд. А Қ Ш д о л л а р ы н қ ұ р а д ы .

Сыртқы борышты есепке алудың әдіснамалық проблемалары бар, ол жалпы сыртқы борыштың салыстырмалы параметрлеріне әсер етеді.

Негізінен, бұл (1) шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың олардың филиалдары мен еншілес кәсіпорындары жүзеге асыратын барлауға жұмсайтын шығыстардың есебіне және (2) еврооблигацияларды есепке алу бөлігінде мемлекеттік сектордың сыртқы борышының статистикасын қалыптастыру әдіснамасына қатысты. Құрастырушылар мен пайдаланушылар үшін сыртқы борыштың статистикасы жөніндегі басшылық (ХВҚ, 2003 ж.) (бұдан әрі - сыртқы борыш жөніндегі басшылық) шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың барлауды қаржыландыруға арналған шығындарын, егер бұл жер қойнауын пайдаланушылар оларды барлаудың теріс нәтижелері жағдайында есептен шығарылуға тиіс күрделі шығындар ретінде қарайтын болса, капиталға қатысу құралы ретінде жіктеу мүмкіндігін көздейді. Қазіргі уақытта мұндай шығындарды жүзеге асырудың көлемі мен шарттары туралы қажетті е г ж е й - т е г ж е й л і а қ п а р а т ж о қ .

Сыртқы борыштағы сыртқы борыш жөніндегі басшылығына сәйкес резидент еместерде нақты бар резиденттердің борыштық бағалы қағаздарын ғана есепке алу қажет. Алайда, Қаржы министрлігі қалыптастыратын және жалпы сыртқы борыштың статистикасын қалыптастырған кезде Ұлттық Банк ұстанатын мемлекеттік борыштың статистикасы бастапқы эмиссия бойынша Үкіметтің еврооблигацияларын ескереді және қайталама нарықта резидент еместен оларға

арналған меншіктің резидентке көшу фактісін назарға алмайды.

Мемлекеттік борыш бөлігінде елдің сыртқы борышының қолданылатын талдамалық құрылымы халықаралық әдіснама ұсынатын жіктемеге сәйкес келмейді. Бұл мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышына жатады, ол қазіргі уақытта мемлекеттік сектордың борышы ретінде жіктелмейді.

Тұтастай алғанда, ел үшін борышты басқару жөніндегі жүйелік шараларды қабылдау үшін негіз болып қызмет ететін борыштың қауіпсіз деңгейін айқындау

с а я с а т ы ж о қ .

Бұдан басқа, мемлекеттік деңгейде борышты басқарудың нақты стратегиясы қалыптастырылмаған, тәуекелдерді басқару жүйесінде икемділік пен уақтылылық жоқ, корпоративтік сектордың қарыз алуын реттеу тетігі жоқ, мемлекет басым қатысатын ұйымдар борышының тиісті мониторингі жүргізілмейді, тұтастай алғанда, уәкілетті мемлекеттік органдар арасында өзара іс-қимыл жасаудың және ақпарат алмасудың толыққанды жүйесі жоқ.

Қолданыстағы заңнамада елдің борышын басқару мәселелері жеткілікті регламенттелмеген, бұл жоғарыда көрсетілген проблемаларға әкеп соқтырады.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік органдардың елдің жалпы сыртқы борышын үйлестіру жөніндегі функциялары заңнамада жеткілікті нақты айқындалмаған, атап айтқанда мемлекеттік органдардың мемлекет қатысатын ұйымдардың қарыз алуы мен борышын басқару, сондай-ақ жеке сектордың сыртқы қарыз алуы мен борышын реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруы көрсетілмеген. Осылайша, жалпы ішкі борышты басқару үшін жеткілікті құқықтық база

қ ұ р ы л м а ғ а н .

Сонымен қатар, халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясат әзірленбеген, олардың жұмыс ерекшелігіне және қарыз қаражатын беру шарттарына қарай олармен ынтымақтасу бағыттары

а й қ ы н д а л м а ғ а н .

#### 1. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш тиісінше 7,9 және 0,626 млрд. АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген сыртқы борыш 1,8 және 0,595 млрд. А Қ Ш д о л л а р ы н қ ұ р а д ы .

Соңғы бес жылда Үкіметтің орта мерзімді фискалды саясатында көзделген мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борышты басқару мақсаттары, атап айтқанда ЖІӨ-ге проценттік қатынаста үкіметтік борыштың мөлшерін үдемелі түрде қысқарту және үкіметтік борыш құрылымында сыртқы борыш үлесін біртіндеп азайту орындалып отыр.

Айталық, 2000 жылғы және 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖІӨ-ге проценттік қатынаста үкіметтік борыш үкіметтік сыртқы қарыздар бойынша

мерзімінен бұрын өтеу есебінен де, ЖІӨ-нің атаулы мәнінің өсуі есебінен тиісінше 22,0%-тен 5,4%-ке дейін біртіндеп төмендеді (оның ішінде көрсетілген кезеңге сыртқы үкіметтік борыш - ЖІӨ-нің 2,2%). Үкіметтік борыш құрылымында сыртқы борыштың үлесі 2000 жылғы және 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тиісінше 80,9%-тен 40,9%-ке дейін төмендеді.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Ұлттық Банктің борышы тек қысқа мерзімді ноттардан ғана тұрды. 2000 жылғы мамырда Халықаралық валюта қорының қарыздарын мерзімінен бұрын өтегеннен кейін Ұлттық Банк сыртқы қарыз алуды жүзеге асырған жоқ. Қазіргі уақытта Ұлттық Банктің сыртқы б о р ы ш ы ж о қ .

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының мақсаттарына сәйкес ұлттық валютада да, сондай-ақ шетел валютасында да қысқа мерзімді ноттар шығаруға құқылы.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша айналымда ұлттық валютада номинацияланған қысқа мерзімді ноттар ғана болды. Қысқа мерзімді валюталық ноттар шығарылып, 1999 жылы толығымен өтелді.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қысқа мерзімді ноттар бойынша берешектің көлемі (айналым көлемі) 491,7 млрд. теңгені құрады. Қазіргі уақытта қысқа мерзімді ноттардың айналым мерзімі 28 күнді құрайды.

Сонымен бірге, бүгінгі күні үкіметтік борышты басқару тиімділігін арттыру үшін шешуді талап ететін бірқатар мәселелер бар.

#### 1.1. Борыштық құралдардың ішкі нарығын дамыту

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес Үкіметтің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады. Бюджеттің профициті болған кезде Үкімет үкіметтік борышты бірлесіп қаржыландыру үшін қарыз алуды жүзеге асыра алады.

Сонымен бір уақытта, көптеген елдерде үкіметтік борышты тиімді басқару мақсатында қабылданатын шаралар сонымен қатар бағалы қағаздардың ішкі нарығының тиімді жұмысын дамытуға және қолдауға бағытталған.

Мысалы, Жапонияда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамыту мемлекеттік борышты басқарудың маңызды мақсаты болып саналады, өйткені бұл нарық кредит тәуекелінің төмен деңгейінің арқасында ішкі қаржы нарығына бағдар болып қызмет етеді және неғұрлым белсенді сауда жүргізілетін ішкі бағалы қағаздар нарығының сегменті болып табылады.

Қазақстанда даму институттары, сондай-ақ мемлекет құратын жыл сайын республикалық бюджеттен оларды капиталдандыруға қаржы бөлінетін ұлттық компаниялар бос ақша қаражатын мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруды жүзеге асыру практикасы бар. Нәтижесінде мемлекет қосарланған шығыстарды жүзеге асырады - даму институттарын капиталдандыру кезінде және мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша проценттер төлеу кезінде. Айталық, 2006 жылғы 1

шілдедегі жағдай бойынша ішкі нарықта орналастырылған Үкіметтің бағалы қағаздарын ұстаушылар құрылымындағы даму институттарының үлесі 17,1%-ті құрады.

## 1.2. Валюталық тәуекелдер

Бірнеше жылдар бойы Қазақстанның валюта нарығында ғана емес, барлық халықаралық нарықтарда жалғасып келе жатқан АҚШ долларының әлсізденуі қарыз алушы ретінде Қазақстан үшін тиімді. Алайда, валюта бағамдарының тұрақсыздығы тәуекелдері бар. Сондықтан валюталық тәуекелді төмендету мақсатында үкіметтік борыштың валюталық құрылымына енетін валюталардың бағамдарына әсер етуі мүмкін экономикалық және саяси факторларды талдау қажет.

Үкіметтік борыштың валюталық құрылымының төмен әртараптандырылуы дағдарыс және валюталар бағамының тұрақсыздығы нәтижесінде қаржы шығындарының пайда болуы тәуекеліне бейім және бұл тұрғыдан осал болып табылады, бұл мемлекеттің экономикалық қауіпсіздік жағдайына теріс әсер ететін болады.

## 1.3. Жергілікті атқарушы органдардың реттелмеген борыштары

Жергілікті атқарушы органдардың реттелмеген және танылмаған борыштарын есепке алу жөніндегі проблемалар шешілмеген мәселелер болып табылады, оларды екі топқа бөлуге болады:

1) кредиттер бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамау. Жергілікті атқарушы органдардың борыштарын жүйелі қайта құрылымдау республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуына теріс әсер етеді;

2) Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдар әкімдерінің кепілдігімен тартылған өткен жылдардың кредиттері бойынша республикалық бюджет алдында борыштарды растау және өтеу проблемасы.

## 1.4. Мемлекеттің шартты міндеттемелері

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, үшінші тұлғалар алдында борыштық міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың қарыздарды тартуы және оларға кейіннен борышкерлердің тікелей қызмет көрсетуі тиімсіз жүзеге асырылады. Үшінші тұлғалар алдында борыштық міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың қаржы жағдайын бақылаудың тиісті жүйесі жоқ. Заңнамада көзделген берілген (берілетін) кепілдіктер бойынша мемлекет міндеттемелері басталуының ықтимал тәуекелдерін азайту жөніндегі шаралар үшінші тұлғалар алдында борыштық міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың борышын басқарудағы кемшіліктерге уақтылы ден қою және оларды жою жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндік бермейді.

Қазақстанда мемлекеттік-жеке әріптестіктің қолданыстағы тетіктерін

жетілдіру және жаңаларын енгізу және концессиялық келісімдер бойынша жобаларды іске асыру нәтижесінде мемлекет "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекетке берілетін объектінің құнына сай келетін сомада мемлекет пен эмитент арасында жасалған инфрақұрылымдық жобаны іске асыру жөніндегі концессиялық келісімнің шеңберінде кепілдеме береді.

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру барысында берілген кепілдемелер бойынша мемлекеттік жауапкершіліктің орындалу тәртібіне және мөлшеріне байланысты проблемалар анықталды.

Кепілдеме институты жеке сектор қаражатын, атап айтқанда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін, сондай-ақ инфрақұрылымдық облигациялар нарығын дамыту үшін зейнетақы жинақтауларын тарту мақсатында енгізілгендігін ескере отырып, қазіргі уақытта мемлекет тарапынан бағалы қағаздар нарығының осы сегментін дамытуды институционалдық қамтамасыз ету проблемасы шешуді талап етеді.

## 2. Мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышы

Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен Ұлттық Банктің борышының мониторингі мен оны басқарудан басқа, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың, олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғандағы борышының мониторингі мен оны басқарудың қажеттілігі бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және оған тиесілі акциялар құнының шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді. Бұл норма бүкіл әлемдегі барлық корпоративтік құрылымдар үшін тән екендігін атап өткен жөн.

Сонымен бірге, шетелдік компаниялардың мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың борыштық міндеттемелерін орындау жөніндегі, оның ішінде заң тұрғысынан мемлекеттік борышқа жатқызылмаған борыштар бойынша сот қуынулары Үкіметке қойылатын жағдайлар орын алып отыр. Мұндай сот талқылаулары елдің халықаралық имиджіне теріс әсер етеді.

Еншілес құрылымдарын ескермегенде, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың сыртқы борышы 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бағалау бойынша 1714 млн. АҚШ долларын құрады (жалпы сыртқы борыштың жалпы көлемінің 3,2%-і және ЖІӨ-нің 2,6%-і).

Мемлекет қатысатын ұйымдар борышының жай-күйі мониторингімен проблемалар бар. Ақпарат жинақтау ыдыраңқы және толық емес сипатта. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың олардың сыртқы борышының мониторингін жүзеге асыру мақсатында еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың тізбесін беру жөніндегі өзара іс-қимылды жақсарту қажет.



Бұдан басқа, тұтастай алғанда, қазіргі уақытта мемлекет қатысатын ұйымдардың сыртқы қарыз алуы мен борышын басқару жөніндегі мемлекеттік с а я с а т ж о қ .

### 3. Жеке сектордың сыртқы борышы

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бағалау бойынша жеке сектордың сыртқы борышы (мемлекет қатысатын ұйымдардың сыртқы борышын және мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты қоса алғанда) 52,1 млрд. АҚШ долларын құрады .

ЖІӨ-нің жыл сайынғы жоғары қарқынмен өсуіне қарамастан, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2001 жылы ЖІӨ-нің 68,5%-інен ЖІӨ-нің 80,9%-іне қол жеткізген елдің жалпы сыртқы борышының үздіксіз өсуі Үкіметтің және Ұлттық Банктің назарын аудармай қоймайды. Жалпы сыртқы борыш өсімінің жоғары қарқыны көп деңгейде жеке сектордың сыртқы борышының өсімі есебінен, оның ішінде банк секторының борышы есебінен қолдау табады. 2006 жылдың бірінші жартыжылдығына қол жеткізілген елдің жалпы сыртқы борышы өсімінің 10,4 млрд. АҚШ долларының 5 млрд. АҚШ долларын ("Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ны қоспағанда) банк секторының борышы құрайды.

#### 3.1. Қаржы секторының борышы

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бағалау бойынша қаржы секторының сыртқы борышы (мемлекет қатысатын ұйымдарды, атап айтқанда, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ны қоспағанда) 20,4 млрд. АҚШ долларын құрады .

Қазіргі уақытта банк секторының белсенді сыртқы қарыз алу үрдісі сақталып отыр. 2003, 2004, 2005 жылдары және 2006 жылдың бірінші жартыжылдығында екінші деңгейдегі банктердің сыртқы борышының өсу қарқыны тиісінше 150,4%-ті, 118,3%-ті, 99,4%-ті және 32,6%-ті құрады. 2006 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша банк секторының сыртқы берешегі, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-ны қоспағанда, 19,9 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл жалпы сыртқы борыштың жалпы көлемінің 37,0%-ін және қаржы секторының сыртқы борышының 97,6%-ін құрады.

Банк секторының сыртқы қарыз алуының қарқынды өсуі жалпы сыртқы борыш өсіміне елеулі әсер етеді, бұл ретте халықаралық қаржы нарықтарында ахуал нашарлаған жағдайда банктердің әлсіздігі күшейе түседі.

Банк секторының валюта тәуекелдерін басқару мақсатында валюталық позицияның лимиттері қайта қаралды:

Standard & Poor's агенттігінің "А-дан" төмен емес егемен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетелдік валюталары және өз капиталы шамасының 15%-інен аспайтын мөлшерде "Еуро" валютасы бойынша ашық валюталық позицияның (ұзын және

қысқа) лимиті 30%-тен азайтылды;

Standard & Poor's агенттігінің "А-дан" төмен егемен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің өз капиталы шамасының 5%-інен аспайтын мөлшерде осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетелдік валюталары бойынша ашық валюталық позицияның (ұзын және қысқа) лимиті ұзын ұстаным бойынша 30%-інен, қысқа ұстаным бойынша 15%-інен азайтылды;

банктің өз капиталы шамасының 30%-інен аспайтын мөлшерде валюталық таза позиция лимиті 50%-тен азайтылды.

Елдік тәуекелді ескере отырып, банктердің активтерді шетелде орналастыру жөніндегі тәуекелдерін шектеу мақсатында 2006 жылғы 1 шілдеден бастап резидент емес ұйымдарда (еншілес резидент емес банктерді қоспағанда) орналастырылған активтер бойынша 100%-тен 150%-ке дейін тәуекел дәрежесін арттыру көзделді.

Кейіннен банк секторын реттеу құралдарын одан әрі қатаңдату мақсатында валюталық позицияның жекелеген лимиттері азайтылды:

Standard & Poor's агенттігінің "А-дан" төмен емес егемен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетелдік валюталары және "Еуро" валютасы бойынша ашық валюталық позицияның (ұзын және қысқа) лимиті банктің өз капиталы шамасының 15%-інен 12,5%-іне дейін азайтылды;

банктің өз капиталы шамасының 30%-інен валюталық таза позиция лимиті 25%-ке дейін азайтылды.

Аталған лимиттер 2006 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

Бұдан басқа, өзге қаржы ұйымдары сыртқы қарыздарды елеусіз көлемде тартатындығын атап өткен жөн. 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша өзге қаржы ұйымдары (екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда) тартқан сыртқы қарыздар 481,8 млн. АҚШ долларын құрады (жалпы сыртқы борыштың 0,9%-ін) құрады.

Қаржы секторының осалдығы қомақты, өйткені қаржы институттарының әдетте төлем мерзімінің сәйкес келмеуіне әкеп соқтыратын жоғары левереджі бар, ассимметриялық ақпарат тәуекелі мен моральдық тәуекел жоғары нарықтарда жұмыс істейді.

Резидент еместер алдында міндеттемелер өсімінің негізгі проблемаларының бірі нақ банк секторының қайта қаржыландыру тәуекелдеріне, валюталық, проценттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне бейімдігінің артуы болып табылады. Шетел валютасында тартылатын сыртқы қарыз алу банктердің валюталар бағамының тұрақсыздығына байланысты валюталық тәуекелге ұшырауын күшейтеді, ал өз валюталық көздері жоқ қарыз алушыларға кредиттер беру жолымен осы қаражатты қайта кредиттеу сонымен қатар банктердің кредит

тәуекелін күшейтеді. Бұдан басқа, орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелердің мерзіміндегі теңгерімсіздік отандық банктердің валюталық өтімділік деңгейіне теріс әсер етеді.

3.2. Қаржылық емес корпоративтік сектордың борышы  
2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша бағалау бойынша қаржылық емес корпоративтік сектордың сыртқы борышы (мемлекет қатысатын ұйымдарды қоспағанда) 31,7 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қаржылық емес корпоративтік сектордың, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышын қоспағанда, сыртқы борышының 2003 - 2005 жылдарда және 2006 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өсу қарқыны тиісінше 16,1%-ті, 37,7%-ті, 17,9%-ті және 18,5%-ті құрады. Мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышын қоспағанда қаржылық емес корпоративтік сектордың сыртқы борышы 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 29 380 млн. АҚШ долларын (ЖІӨ-нің 44,1%-ін) құрады.

Сонымен қатар, жалпы сыртқы борыштың 41,5%-ін шетелдік бас және еншілес компаниялар алдындағы қазақстандық ұйымдардың фирмааралық берешегі құрайды.

Бұдан басқа, шетелдік мердігерлердің филиалдары өнімді бөлу туралы келісімдер (ӨБК), жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар бойынша жүзеге асыратын барлауға арналған шығындар сыртқы борышқа жатқызылады. 2006 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша аумақта жер қойнауын барлаумен айналысатын шетелдік компаниялар филиалдарының өздерінің бас компаниялары (шетелдік) алдындағы сыртқы берешегі 10 млрд. АҚШ долларын құрады.

Сыртқы борышты басқару контексінде фирмааралық берешек соншалықты қауіпті емес, өйткені тікелей инвестор-кредитор қарыз алушының төлем қабілетсіздігі тәуекелін оның қызметін басқаруға өзінің қатысуы арқылы бөледі. Алайда, дағдарысты жағдайда фирмааралық борыш валюта бағамына қосымша қысым жасауға қабілетті, өйткені шетелдік инвесторлар міндеттемелердің өтеуі түрінде төлем қабілеті бар кәсіпорындардың ішкі активтерін (мысалы, банктердегі жедел депозиттер және өзге де уақытша бос қаражат) айырбастап, әкете бастауы мүмкін.

Барлаудың оң нәтижелері кезінде шығындардың барлық жинақталған сомасы өніммен оны өндіру және сату басталғаннан кейін өтелуі мүмкін. Демек, өтеуді талап ететін шығындар неғұрлым жоғары болған сайын, мұнай сату салдарынан ЖІӨ мен экспорттың өсуіне қарамастан, ел ішкі валюта нарығында ұсынылуы мүмкін соншалықты аз валюта түсімін алады.

Шектеулі рентабельділікпен бірлесіп корпоративтік секторды шетел валютасында шектен тыс қаржыландыру және/немесе қысқа мерзімді

қаржыландыруға қатысты жоғары левереджі бар құрылымды қаржыландыру жалпыға ортақ корпоративтік төлем қабілетсіздігіне әкелуі мүмкін. Шетел валютасында қарыз алатын, бірақ шағын экспорт тауарларын немесе қызмет көрсетулерін (мысалы Индонезияда болғандай) өндіретін корпорациялар ұлттық валюта құнсыздана бастағаннан-ақ қолма-қол ақша (және табыс) ағынының өткір қысқаруына ұшырайды.

Корпоративтік сектордағы айтарлықтай қауіптер сонымен қатар сала құрушы компаниялар болып табылатын және қомақты сыртқы берешегі бар ірі қарыз алушылар тарапынан да туындауы мүмкін. Мұнда, мысалы, мұнайдың және республиканың негізгі экспорттық номенклатурасының өзге де тауарлары бағасының құлдырауы нәтижесінде болатын борышты төлеуге байланысты уақытша қиындықтар тәуекелі бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасында сыртқы қарыз алу кезінде туындайтын корпоративтік сектордың тәуекелдерін азайту мақсатында белгілі бір шектеулер (Салық кодексінің 94-бабында белгіленген "жеткілікті капиталдандыру ережесі" (бұдан әрі - ЖКЕ)) көзделеді.

ЖКЕ-нің мәні, егер қарыз алушының міндеттемелері өзінің капиталына (левередж) ара қатынасы қаржылық ұйымдар үшін - 7-ден, қаржылық емес ұйымдар үшін - 4-тен асып кетсе, резидент еместерге сыйақы беру жөніндегі шығыстарды шегеруге жататын мөлшерін азайтуға әкеледі. Бұл ретте қарыз алушының міндеттемелерінің жалпы сомасынан сыйақы аударылмайтын міндеттемелер алып тасталады. Бұдан басқа, қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес ЖКЕ біріктірілген резидент еместердің және осындай келісімдер жасалмаған елдердің резидент еместерінің қарыздарына қатысты ғана қолданылуы мүмкін.

Соған қарамастан, тиісті салықтық әкімшілендіру кезінде ЖКЕ аффилиирленген кредиторлардан жеткілікті капиталдандырылмаған субъектілердің сыртқы қарыз алуын ынталандырмайды: 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қаржылық емес корпоративтік сектордың сыртқы борышының 72%-ін құрайтын фирмааралық берешектен бөлек, АМК-нің (арнайы мақсаттағы банктердің еншілес кәсіпорындары) қарыздары мен депозиттері банктердің сыртқы борышының 43,8%-ін құрады. ЖКЕ тиімділігін күшейту үшін корпоративтік левередждің 2,5-тен аспайтын орташа деңгейі кезінде Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қаржы дағдарысына тап болғанын ескеріп, жоғарыда көрсетілген шекті коэффициенттерді төмендету мүмкіндігін зерделеу қажет.

Осылайша, практика көрсетіп отырғандай, заңнамада белгіленген шаралар корпоративтік сектордың сыртқы борышын тежеу үшін жеткілікті тиімді емес.

#### **4. Тұжырымдаманың мақсатына қол жеткізу және міндеттерін орындау жөніндегі шаралар**

Әлемдік тәжірибені талдау борышты басқарудың қандай да бір белгіленген нақты стратегиялары мен жүйелерінің жоқ екендігін көрсетіп отыр. Көптеген елдер өздерінің ұлттық экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, өздерінің жеке борышты басқару жүйесін қалыптастырады. Мысалы, көптеген елдерде борышты басқару жөніндегі функциялар бірқатар мекемелер бойынша шоғырландырылған, соған қарамастан, кейбір экономикалық жағынан дамыған елдерде (Ирландия, Жаңа Зеландия, Швеция, Ұлыбритания және т.с.с.) мемлекеттік борышты басқару жөніндегі арнайы тәуелсіз қызметтер бар. Көптеген елдерде мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландырудан басқа, мемлекеттік (үкіметтік) қарыз алу саясаты сонымен қатар ішкі қор нарығын дамытуға шоғырландырылады, алайда елдің қаржы институттары үшін бәсекені тудырмау үшін көп деңгейде үкіметтік қарыз алуды сыртқы капитал нарықтарында жүзеге асыратын басқа елдер де (Бразилия) бар. Бұдан басқа, жалпы сыртқы борыш мөлшерінің деңгейі бойынша елдердің ұстанымдары әртүрлі.

Халықаралық тәжірибені негізге ала отырып және елдің борышын басқарудың ағымдағы жай-күйінің жағдайын ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша борышты басқарудың тұрақты және тиімді жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыру үшін тиісті шараларды іске асыру орынды болып отыр.

##### **4.1. Жалпы сыртқы борыштың құрылымы**

Қазақстан Республикасының сыртқы борышының статистикасын қалыптастыру әдіснамасы тұтастай алғанда Халықаралық Валюта қорының, Дүниежүзілік Банктің және басқа халықаралық ұйымдардың сыртқы борыш жөніндегі басшылықта жазылған әдіснамалық ұсынымдарға негізделген және БҰҰ-ның Ұлттық шоттар жүйесін (ҰШЖ, 1993 ж.) қалыптастырудың және төлем теңгерімі статистикасының (төлем теңгерімі жөніндегі басшылық, ХВҚ, 1993 ж.) негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Сонымен бірге, сыртқы борыштың статистикасын қалыптастыру мен ұсыну жөніндегі қазіргі қағидаттар халықаралық әдіснаманың сыртқы борыш жөніндегі талаптарына толық сәйкес келмейді және ел резиденттерінің әртүрлі санаттарының сыртқы берешегін егжей-тегжейлі бағалау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етпейді.

Жалпы сыртқы борыш туралы жан-жақты қамтуды және негізделген ұғымды қамтамасыз ету мақсатында ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы жиынтық борышын білдіретін елдің сыртқы борышы мынадай талдамалық ұғымда айқындалатын болады:

##### **1. Мемлекеттік сектордың борышы:**

- 1.1. Мемлекеттік басқару секторының борышы:
    - 1.1.1. Үкіметтің борышы
    - 1.1.2. Ұлттық Банктің борышы
  - 1.2. Мемлекет басым қатысатын ұйымдардың (50% және одан жоғары), олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғандағы борышы:
    - 1.2.1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың борышы (шаруашылық жүргізу құқығындағы)
    - 1.2.2. Акционерлік қоғамдардың және мемлекет басым қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің борышы:
      - 1.2.2.1. Фирмааралық берешек
      - 1.2.2.2. Өзге де берешек
  2. Үкіметтің шартты міндеттемелері:
    - 2.1. Мемлекет кепілдік берген борыш
    - 2.2. Мемлекеттің кепілдемелері бойынша борыш
  3. Жеке сектордың борышы (мемлекет басым қатысатын ұйымдарды (50% және одан жоғары) қоспағанда):
    - 3.1. Қаржы секторы ұйымдарының борышы (мемлекет қатысатын ұйымдарды қоспағанда):
      - 3.1.1. Екінші деңгейдегі банктердің борышы
      - 3.1.2. Өзге де қаржы ұйымдарының борышы
    - 3.2. Қаржылық емес корпоративтік сектордың борышы (мемлекет қатысатын ұйымдарды қоспағанда):
      - 3.2.1. Фирмааралық берешек:
        - 3.2.1.1. Барлауға арналған шығындар
        - 3.2.1.2. Өзге де фирмааралық берешек
      - 3.2.2. Қаржылық емес корпоративтік сектордың өзге борышы
    - 3.3. Мемлекеттің 50%-тен кем акциясы қатысатын ұйымдардың борышы:
      - 3.3.1. Фирмааралық берешек
      - 3.3.2. Өзге де берешек
    - 3.4. Басқа да берешек (үй шаруашылығы және үй шаруашылығына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар).
- Жаңа құрылымда көрсетілген "Мемлекеттік басқару секторының борышы" ұғымы бюджет заңнамасында айқындалған мемлекеттің тікелей борыштың міндеттемесі болып табылатын "мемлекеттік борыш" ұғымына сәйкес келеді. Борыштың көрсетілген жаңа құрылымы мемлекеттің қазіргі борыштық міндеттемелерін ұлғайтуды білдірмейді, БҰҰ-ның, ХВҚ-ның секторалдық ұстанымдарына және Тұжырымдаманың мақсаттарына барынша сәйкес келетін жіктеме болып табылады.

Мемлекеттің кепілдігі мен кепілдемесі мемлекеттік және жеке сектор ұйымдарына берілетіндіктен және тек мемлекеттің шартты міндеттемелері болып табылатындықтан, көрсетілген талдамалық құрылымда жалпы сыртқы борыштың сомасы, 2-тармақтың мәнін есепке алмағанда, 1 және 3-тармақтардың жиынтық сомасына сәйкес келеді.

Мемлекет басым қатысатын ұйымның борышы мемлекеттік сектор борышына жатады. Мемлекет, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың және олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарының борыштық міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалпы сыртқы борыш құрылымының көрсетілген талдамалық құрылымында көзделетін мемлекет басым қатысатын ұйымдардың (50% және одан жоғары), олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғандағы борышы жөніндегі мәліметтер осы ұйымдардың сыртқы борышының тиісті мониторингін жүргізу және реттеу сапасын арттыру үшін пайдаланылады.

Борыштары мемлекеттік сектордың борышына жататын, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың тізбесін Үкімет бекітеді.

Осы Тұжырымдамада жеке сектор мемлекеттің басым қатысуынсыз қаржы секторы мен корпоративтік сектор ұйымдарының жиынтығы ретінде қаралады.

Осы Тұжырымдаманың мақсаттары үшін өзге де қаржы ұйымдары ретінде сақтандыру ұйымдары, жинақтаушы зейнетақы қорлары, инвестициялық қоржынды басқаратын брокерлер және (немесе) дилерлер, зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын тіркеушілер, ұйымдар, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ипотекалық компаниялар, ұйымдар т ү с і н і л е д і .

#### 4.2. Борыштың салыстырмалы параметрлері

Мемлекеттік сектордың борышын басқару (ұсынылып отырған жаңа құрылым бойынша) және жеке сектордың сыртқы борышын реттеу жүйесін құру шеңберінде ел үшін ықтимал бастапқы мән болатын орта мерзімді перспективаға арналған жалпы сыртқы борыштың салыстырмалы көрсеткіштерін айқындау қажет, олардан асып кетуге жол бермеу үшін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде белгілі бір шектеу шараларын қ о л д а н у ы м ү м к і н .

Жалпы сыртқы борыштың бастапқы мәні орта мерзімді кезеңге арналып елдің әлеуметтік-экономикалық даму саясатын, жеке бағыттар бойынша сыртқы борыштың өзгеру қарқындарын, Үкіметтің Ұлттық Банкпен бірлесіп айқындайтын тәртіптегі қаржылық күйзелістер мен тәуекелдерге ұшырау дәрежесін ескере отырып, айқындалатын болады.

Дүниежүзілік банктің жіктемесіне сәйкес шамадан тыс берешек деңгейі бар

елдер санатына соңғы жылдар ішінде мынадай екі көрсеткіштерінің ең болмаса біреуі шекті мәннен асатын мемлекеттер жататынын атап өткен жөн - жинақталған борыштың келтірілген құнының ЖІӨ-ге қатынасы 80%-ті құрады; немесе келтірілген құнның экспортқа қатынасы 220%-тен жоғары болды. Егер бірінші көрсеткіші 18%-тен 80%-ке дейінгі шекте тұрса немесе екінші көрсеткіші 132% пен 220% аралығында құбылса, берешек біркелкі болып саналады.

Тиісті экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін борыштарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастырушы ел ретінде Қазақстан үшін сыртқы борыштың жекелеген бағыттары бойынша өсім қарқынын төмендету және орта мерзімді кезеңде жалпы сыртқы борышты ЖІӨ-ге 65-70% дәлізде қалыптастыруға қол жеткізу орынды болып табылады.

Осы бастапқы мәннен асқан кезде жаңаларын енгізу немесе қолданыстағы шектеу шараларын қатаңдату қажеттігі сыртқы борыштың құрылымынан (қысқа мерзімді борыштың үлесі, фирмааралық берешектің үлесі), ЖІӨ-нің және халықаралық резервтер мен экспорт өсімінің болжамды серпінінен шыға отырып, сондай-ақ қосымшада келтірілген қаржылық тұрақтылықтың жиынтық индикаторларының серпіні мен сыртқы күйзелістердің ықтималдығы ескеріле  
о т ы р ы п а й қ ы н д а л а д ы .

Экономикалық дағдарыстың әлемдік тәжірибесі елдің қаржылық тұрақтылығы үшін барынша тәуекел қысқа мерзімді, әсіресе банк секторының сыртқы міндеттемелері болып табылатындығын көрсетеді. Осыған байланысты, сыртқы борышты реттеу контекстінде банктер үшін қысқа мерзімді валюталық өтімділіктің бастапқы мәндерін (лимиттерін) белгілеу ерекше маңызға ие болады. Қазіргі уақытта қысқа мерзімді валюталық өтімділіктің лимиті 0,8 деңгейінде  
б е л г і л е н г е н .

Банктердің сыртқы міндеттемелерін реттеу мақсатында қысқа мерзімді валюталық өтімділіктің жоғарыда көрсетілген лимиті және резидент еместер алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелердің ең жоғары лимиті жүйелі түрде қайта қаралады, сондай-ақ өзге де қажетті шаралар қабылданатын болады.

Республика резиденттерінің сыртқы қарыз алуын шектеуге ықпал ететін қабылданып қойған шараларды ескере отырып, жекелеген бағыттар (секторлар) бойынша сыртқы борыштың ЖІӨ-ге қатысты бастапқы мәндерін белгілеудің мүмкіндігі мен орындылығын зерделеу қажет.

Жалпы және секторалдық төлем қабілеттілігі және өтімділіктің жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерін сипаттайтын мақсатты параметр мен өзге де параметрлерді бағалау республика экономикасының жекелеген секторлары мен салаларын дамыту перспективасымен сыртқы қарыз алуды шектеудің ықтимал шараларын келісу үшін елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарын қалыптастыру кезінде жүргізілуге тиіс.



Сонымен бірге, жеке сектордың шаруашылық қызметіне мемлекеттің тікелей араласуын барынша шектеу қажеттілігін ескерген жөн. Тұтастай алғанда, жеке сектордың сыртқы борышын қысқартуға бағытталған шаралар реттеуші (жанама) сипатқа ие болуға тиіс. Жеке сектордың резидент еместер алдындағы міндеттемелер мөлшерін ұстап тұру жөніндегі тікелей шектеу шараларын қолдануға елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соңғы шара ретінде ерекше жағдайларда жол берілуі мүмкін.

Бұл ретте, уәкілетті органдар тарапынан басты назар экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан тартылатын сыртқы қарыздардың сапасына аударылатын болады.

Ұлттық Банк пен Үкімет жалпы сыртқы борышты жыл сайынғы бағалау шеңберінде экономикалық және қаржылық күйзелістер кезінде борыштық құралдар қоржынына стресс-тестілеу жүргізеді.

Стресс-тестілеу нәтижелері сонымен қатар Тұжырымдамада айқындалған жалпы сыртқы борыштың салыстырмалы параметрлерін азайту немесе ұлғайту үшін негіз болуы да мүмкін.

Жалпы сыртқы борыштың жоспарланып отырған параметрлеріне қол жеткізу үшін мемлекеттік органдар пруденциалдық шаралармен ғана шектелмеуге тиіс. Қаржыландырудағы экономиканың нақты секторларының сұранысын қанағаттандыру үшін қажетті қаржы ресурстарын тарту үшін несие капиталының ішкі нарығында балама көздерді дамыту үшін жағдай жасау қажет.

#### 4.3 Ақпаратпен алмасу. Құқықтық қамтамасыз ету

Тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сектордың борышы және жеке сектордың сыртқы борышы бойынша жүйелік мониторинг жүзеге асырылады.

Мемлекет басым қатысатын ұйымның сыртқы борышын басқаруға және жеке сектордың сыртқы борышын реттеуге жауапты мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасудың жұмыс істейтін жүйесінің жоқтығы борышты басқарудың негізгі проблемаларының бірі болып табылады.

Сондықтан мемлекеттік органдар арасында ақпаратпен алмасуды жүзеге асыру және борыштың жай-күйіне тиісті деңгейде жүйелік талдау жүргізу үшін бірыңғай кіріктірілген электрондық деректер базасы құрылатын болады, оны тоқсан сайынғы негізде мемлекеттік басқару секторының борышы және мемлекеттің шартты міндеттемелері бойынша - бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың сыртқы борышы және жеке сектордың сыртқы борышы бойынша - Ұлттық Банк, қаржы секторының қаржылық тұрақтылығының индикаторлары бөлігі бойынша қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, қаржылық емес корпоративтік сектордың индикаторлары бөлігінде өз құзыреті

шегінде статистика жөніндегі уәкілетті орган жаңартады.

Бұл ретте, құпия сипаттағы ақпарат құрылатын деректер базасында ұсталмауға тиіс және қолданылып жүрген ақпараттық алмасу туралы келісімдер жасасу практикасы арқылы мемлекеттік органдар арасында алмасуға жатады. Елдің сыртқы борышын басқаруға және реттеуге қатысатын мемлекеттік органдар өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы резиденттерінің сыртқы борышы туралы ақпаратқа тиісті қол жеткізе алуға тиіс.

Қолданыстағы заңнамада борышты басқару мәселелері жеткілікті регламенттелмеген, түрлі мемлекеттік органдардың толық емес көлемде борышты басқару мәселелерін көздейтін жекелеген нормативтік құқықтық актілері бар. Осыған байланысты, тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және толық көлемде ел борышын басқару тәртібін регламенттеу мақсатында заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылып отыр, атап айтқанда:

жалпы сыртқы борыш бойынша:

жалпы сыртқы борыш ұғымын, оның құрылымын, жалпы сыртқы борыштың ықтимал бастапқы мәндерін және жалпы сыртқы борыш жай-күйін жақсарту жөніндегі тетіктерді айқындау тәртібін белгілеу;

мемлекеттік басқару секторының борышы және Үкіметтің шартты міндеттемелері бойынша:

үкіметтік борыш лимитін және есептердің тиісті әдістемесін көрсете отырып, мемлекеттік кепілдіктер, кепілдемелер беру лимитін айқындау ережесін әзірлеу;

мемлекеттік басқару секторының борышы және оның құрылымы ұғымын айқындау;

мемлекеттік басқару секторының борыш тәуекелдерін басқару және Үкіметтің шартты міндеттемелері жөнінде ережелер әзірлеу. Аталған ережелерде сыртқы борышты мерзімінен бұрын өтеу бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында эмитенттің мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуы және сатуы, мемлекеттік басқару секторының борышын және мемлекеттің шартты міндеттемелерін қайта құрылымдау, борышты қайта қаржыландыру жөніндегі, сондай-ақ хеджирлеу операцияларын жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, борыш құрылымын оңтайландыру жөніндегі мәселелер көрсетілуге тиіс;

Ұлттық Банктің сыртқы қарыз алуын жүзеге асыру және сыртқы борышын басқару тәртібін айқындау;

қарыз алу және мемлекеттік басқару секторының борышын және Үкіметтің шартты міндеттемелерін басқарудың өзге мәселелерін, оның ішінде мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемдерін оңтайландыруды жетілдіру;

мемлекет басым қатысатын ұйымдардың сыртқы борышы бойынша:

мемлекет басым қатысатын ұйымдардың тізбесін айқындау;  
акциялардың (қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттерін иемдену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдардың және/немесе тиісті жергілікті атқарушы органдардың тиімді сыртқы қарыз алуды, қарыз қаражатын пайдалануды және олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғанда, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың сыртқы борышының тәуекелдерін басқаруды бақылауды жүзеге асыру тәртібін ә з і р л е у ;

жеке сектордың сыртқы борышы бойынша:

Қазақстан Республикасының заңнамасымен корпорациялық сектордың сыртқы борышының көлемін реттеу жөніндегі тетіктерді бекіту.

Ел борышын басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында сонымен қатар мемлекеттің халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс істеу жөніндегі бірыңғай саясаты қалыптастырылады, оның шеңберінде қызметінің ерекшелігіне, қарыз қаражатын беру шарттарына және қалыптасқан жұмыс тәжірибесіне ( республикада инвестициялық жобаларды іске асыру тиімділігі, жұмыс тәжірибесі және т.б.) байланысты халықаралық қоғамдастық мойындаған әрбір халықаралық қаржы ұйымымен ынтымақтастықтың нақты бағыттары анықталады. Мемлекеттің халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс істеу жөніндегі саясаты орта мерзімді фискалдық саясат құрамында борышты басқару стратегиясында к ө р і н і с т а б а т ы н б о л а д ы .

Кейбір негізгі халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтастықтың мынадай ықтимал бағыттарын айқындау орынды болып табылады:

Дүниежүзілік Банк - ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, кеден секторы, аумақтық даму, қоршаған ортаны қорғау, инфрақұрылымды дамыту, технологияларды коммерцияландыру (жеке сектор немесе қаржы секторы), мемлекеттік-жеке әріптестік тетіктерін қолдана отырып, инвестициялық ж о б а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі - шағын және орта бизнесті дамыту (жеке сектордағы операциялар), энергетика, қаржы секторы, қор нарығын дамыту, мемлекеттік-жеке әріптестік тетіктерін қолдана отырып, инвестициялық ж о б а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

Азия Даму Банкі - табиғи ресурстарды басқару, ауылдық сумен жабдықтау, өңірлік және ауылдық даму, білім беру, көлік, орталық және жергілікті билік органдарын қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту (жеке сектордағы операциялар), мемлекеттік-жеке әріптестік тетіктерін қолдана отырып, инвестициялық ж о б а л а р д ы жү з е г е а с ы р у ;

Ислам Даму Банкі - жеке секторды дамытуда ИДБ ролін жандандыру, ИДБ-ға қатысушы елдердің инвестицияларын тарту, сауданы дамыту, мемлекеттік-жеке

әріптестік тетіктерін қолдана отырып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган шеңберінде борышты басқарудың стратегиялық мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімше құру  
қ а ж е т .

#### 4.4 Бағыттар бойынша борышты басқарудың жекелеген мәселелері

Жоғарыда көрсетілгендерге қосымша ел борышын басқару жүйесін құру үшін мынадай шараларды іске асыру орынды болып табылады:

##### Мемлекеттік сектор борышы бойынша

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес үкіметтік қарыз алу сонымен қатар қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін айналымда мемлекеттік бағалы қағаздардың (бұдан әрі - МБҚ) жеткілікті көлемін ұстап тұру мақсатында жүзеге асырылатын болады . Бес жылдық перспективада нақты жинақтау мақсатында үкіметтік қарыз алу саясаты кепілдік берілген борышты ескере отырып, үкіметтік борыштың Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына 50-70 проценттік аралық қатынасқа қол жеткізуге бағдарланатын болады.

Осыған байланысты, үкіметтік қарыз алу мен борыштың көлемін жоспарлау барысында, ең алдымен, үкіметтік қарыз алудың, борыштың, оған қызмет көрсету шығындары мен тәуекелдің онтайлы деңгейін қалыптастыруды ескере отырып, мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағдарлану қажет:

кірістілік ауытқымасын құру үшін қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін қажетті құрылымы бар МБҚ-нің жеткілікті көлемін ұстап тұру;

барынша ұзақ айналым мерзімі бар МБҚ-ны кезең-кезеңімен енгізу;

зейнетақы қорларының және қор нарығының басқа да қатысушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін борыш құралдары, әсіресе, мемлекеттік кепілгерлікпен қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген инфрақұрылымдық облигациялар нарығында баламалы құралдарды дамыту.

Бұдан басқа, мемлекет 100% қатысатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ олардың толық (100%) бақыланатын ұйымдарының (даму институттары, ұлттық компаниялар, акционерлік қоғамдар және т.б.) МБҚ сатып алуы жөніндегі талаптарды алып тастау, сондай-ақ оларға бос қаражатын МБҚ-ға және Ұлттық Банктің жедел депозит шоттарына салуына тыйым салу қажет. Бұл ретте, аталған іс-шараларды іске асыру мұндай жүйеге біртіндеп өтуді көздеуге тиіс, өйткені осы заңды тұлғалардағы МБҚ-ны басқа құралдармен алмастыру белгілі бір уақытты алады, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың мұндай операцияларды біржолғы жүзеге асыруы экономикада теңгерімсіздік туғызуы және белгілі бір теріс салдарларға әкелуі мүмкін. Бұдан басқа, көрсетілген шараларды іске асыру

сонымен қатар борыштық құралдардың ішкі нарығында тиісті баламалы құралдардың пайда болуына қарай да жүзеге асырылуға тиіс.

Осыған байланысты көрсетілген ұйымдар және тұтастай алғанда корпоративтік сектор ұйымдары бос қаражатын сала алатын баламалы өтімді және сенімді құралдардың ішкі нарығын дамыту қажет. Аталған құралдарды қатарлас дамыту үшін мемлекет 100% қатысатын ұйымдардың, сондай-ақ олардың толық (100%) бақыланатын ұйымдарының қоржыны құрылымындағы МБҚ үлесін азайту қажет.

Бұл ретте қаржы нарығын дамыту үшін қалыптасып отырған бюджеттің нақты атқарылуына қарамастан, бастапқыда жоспарланған көлем мен кесте бойынша тұрақты деңгейде МБҚ-ны шығару жүзеге асырылатын болады.

Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың қажетті деңгейі төмендеген кезде бюджетке Ұлттық қордан берілетін кепілді трансферттің көлемі тиісті сомаға азайтылуы мүмкін.

Үкіметтік қарыз алудың және борыштың оңтайлы деңгейін қалыптастыруды ескере отырып, қор нарығында тиісті бағдарды белгілеу үшін МБҚ-ның жеткілікті көлемін шығару мүмкін болмаған жағдайда, қаржы нарығына өзге де қатысушылар үшін (мемлекет, жеке сектор қатысатын қаржы ұйымдары және т.б.) қоржындағы МБҚ-ның талап етілетін санын қысқарту мүмкіндігін қарастыру ұсынылып отыр.

Бұдан басқа, инвестициялық жобаларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде іске асыруды бастауды қамтамасыз ету үшін қарыз және байланысты гранттар шарттарын келісу оларға қол қою және олардың күшіне ену мерзімін қысқарту мүмкіндігін қарастыру бөлігінде Үкіметтің сыртқы қарыз алуын жүзеге асырудың қазіргі рәсімін қайта қарау ұсынылып отыр.

Мемлекеттік сектордың борышын тиімді басқару, сондай-ақ үкіметтік қарыз алу тәуекелін басқару мақсатында туынды бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыру, оның ішінде үкіметтік қарыздарды хеджирлеу жөніндегі мәмілелерді жүзеге асыру көзделіп отыр.

Өз шешімін табуға тиіс қазіргі мәселелердің бірі жергілікті атқарушы органдардың танылмаған борыштарын реттеу болып табылады. Аталған мәселені шешудің соңғы шарасы заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органның шотынан тиісті соманы акцептсіз есептен шығару болуға тиіс. Бұдан басқа, өтеу кестелерін және лимиттерді бұзуға жол бергені үшін жазалау шаралары жергілікті атқарушы органдардың басшыларына қолданылуға тиіс.

Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу және борышын басқару рәсімдері де, оның ішінде Үкіметтің жергілікті атқарушы органдардың қарыз алу лимитін айқындайтын бөлігінде жетілдірілетін болады. Жергілікті атқарушы органдар борышының жоспарланатын кезеңге арналған лимиттерін

республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының тиісті заңының қабылдануына дейін айқындау қажет. Бұл ретте, жергілікті атқарушы органдардың борышын кезең-кезеңімен төмендетуге қол жеткізу қажет.

Мемлекет басым қатысатын ұйымдардың, олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғандағы борышын басқарудың тиімді тетігін құру мақсатында борышты басқарудың орта мерзімді саясатын әзірлеу шеңберінде орта мерзімді фискалдық саясат құрамында мемлекет басым қатысатын ұйымдардың және олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарының несие капиталының ішкі және сыртқы нарықтарында орта мерзімді кезеңге қарыз алуды жүзеге асыруы жөніндегі мемлекеттің саясатын қоса алғанда, осы ұйымдардың борышын басқарудың негізгі бағыттары а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

Қысқа және орта мерзімді кезеңдерге арналған мемлекеттің көрсетілген саясатының сипаттамасы осы ұйымдардың ЖІӨ-ге қатынастарын көрсете отырып, олардың сыртқы қарыз алуының ықтимал шектерін және елдің жалпы сыртқы борышын, осы ұйымдардың толық алмаған сыртқы қарыздарын несие капиталының ішкі нарығында жабуды қамтамасыз ету жөніндегі ықтимал тетіктерді, несие капиталының ішкі нарығын дамыту үшін осы ұйымдардың қажетті іс-қимылдарын, сондай-ақ оларды шешу жолдарын көрсете отырып, осы ұйымдардың сыртқы қарыз алуының негізгі ағымдағы мәселелері туралы қысқаша мәліметтерді қамтуға тиіс.

Бұл ретте, еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдарын қоса алғанда, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың несие капиталының ішкі және сыртқы нарықтарында қарыз алуды жүзеге асыруы жөніндегі мемлекеттің саясаты жеке сектордың өзге қатысушыларына қатысты саясатпен салыстырғанда борышты дербес басқару бөлігінде шектейтін және кемсітетін с и п а т а л м а у ғ а т и і с .

Сыртқы қарыздарға қол жеткізу бөлігінде осы ұйымдардың қарыз алуына қатысты өкілетті мемлекеттік органдар белгілейтін шектеу немесе өзге де шаралар мемлекеттік активтер бойынша ықтимал тәуекелдің деңгейін және несие капиталының ішкі нарығын дамыту жөніндегі мемлекеттің саясатын ескере отырып қабылдануға тиіс. Бұдан басқа, қабылданатын шаралар несие капиталының нарығында осы ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін елеулі түрде төмендетпеге тиіс .

Мемлекет басым қатысатын ұйымдарды басқаруға қатысатын басқару органдары, лауазымды тұлғалар борышты басқарудың көрсетілген саясаты ережелерінің іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекет басым қатысатын ұйымдар борышының мониторингі сонымен қатар олардың еншілес, тәуелді және бірлесіп бақылайтын ұйымдары бойынша

ж ү р г і з і л е т і н б о л а д ы .

Үкіметтің шартты міндеттемелері бойынша

Үкіметтің шартты міндеттемелері бойынша тәуекелдерді төмендету мақсатында үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен және кепілдемелермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың қаржы жай-күйіне мониторинг пен бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады. Үкіметтің шартты міндеттемелері бойынша төленетін қаражаттарды қайтаруды қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада көзделген шараларды төленетін (төленген) бюджет қаражатын қайтармауды азайту немесе болдырмау мақсатында күшейту қажет.

Бұдан басқа, Үкіметтің берілген (берілетін) кепілдіктері, кепілдемелері бойынша міндеттемелерінің ықтимал басталуын азайту мақсатында үшін тұлғалардың алдындағы міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктермен және кепілдемелермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың борыштарын басқарудағы кемшіліктерге уақтылы ден қою және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану орынды болып табылады.

Кепілдік және кепілдеме құралдарын қолдана отырып іске асырылатын жобаларды іріктеу сапасын қамтамасыз ету мақсатында экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган құрамында тиісті құрылымдық бөлімше құрылатын болады.

Жеке сектордың сыртқы қарызы бойынша

1. Мемлекеттік емес сектордың сыртқы қарыз алуын салықтық реттеу ретінде левереджді салықтық әкімшілендіруді жетілдіру қажет, сондай-ақ кәсіпорындардың валюталық тәуекелге ұшырауын азайту мақсатында теріс бағамдық айырмашылық жөніндегі шегерімдер тетігін пайдалану мүмкіндігін зерделеу қажет.

Арнайы қаржы компанияларынан (негізгі қызмет түрі борыштық бағалы қағаздардың эмиссиясы және оны орналастыру, капиталдың халықаралық нарығына кредиттерді тарту және алынған қаражатты одан әрі бас компанияларға салу болып табылатын резидент емес еншілес компаниялардан) сыртқы қарыздарды тарту кезінде, бұл қарыздарды ЖКЕ реттейді.

Валюталық тәуекелді төмендетуге байланысты елдің резидент компаниялары үшін несие капиталының нарығында хеджирлеу құралдарын дамыту үшін жағдай жасау қажет.

Бұдан басқа, сонымен қатар бағалы қағаздардың нарығын реттеу мен қадағалау, инвесторлардың құқықтарын қорғауды Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының (IOSCO, International Organization of Securities Commissions) стандарттарына және Еуропалық одақтың директиваларының ережелерінің деңгейіне жақындатуды қоса алғанда,

борыштық құралдардың нарығын жандандыруға бағытталған шараларды  
қ а б ы л д а у қ а ж е т .

2. Жеке сектордың борышын тиімді реттеу және ел экономикасына теріс әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелді азайту үшін уақтылы барабар шаралар қабылдау мақсатында уәкілетті органдар борыштық міндеттемелері неғұрлым елеулі болып табылатын қаржылық және корпоративтік секторлары ұйымдарының сыртқы борышының жай-күйіне жүйелі мониторинг пен оны бағалау жөнінде шаралары  
қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Ұлттық Банктің деректеріне сәйкес 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша корпоративтік сектордың сыртқы борышының шамамен 87%-ін (29,4 млрд. АҚШ доллары) корпоративтік сектордың 290 ұйымының (кәсіпорнының) міндеттемелері құрады, олардың сыртқы қарызы 5 млн. және одан да көбірек  
А Қ Ш д о л л а р ы н қ ұ р а д ы .

Бұдан басқа, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша "ТұранӘлембанкі" АҚ, "Қазкоммерцбанк" АҚ, "Халық банкі" АҚ, "АСҚБанкі" АҚ, "ЦентрКредит Банк" АҚ, "Альянс банкі" АҚ, "Каспийский Банкі" АҚ және "Нұрбанк" АҚ екінші деңгейдегі банктердің сыртқы борышы банк секторының сыртқы міндеттемелерінің жалпы көлемінің 90%-інен астамын (18,2 млрд. АҚШ долларын)  
д о л л а р ы н ) қ ұ р а д ы .

Сөйтіп, елдің сыртқы борыштық міндеттемелерінің үлкен үлесі ел резиденттерінің белгілі бір санына шоғырландырылған, бұл уәкілетті органдардың тарапынан олардың қаржы жағдайына ерекше жүйелі мониторинг жүргізу  
ж ү р г і з у қ а ж е т т і г і н д ә л е л д е й д і .

Бұл ретте, қаржы және корпоративтік секторлардың көрсетілген субъектілерінің сыртқы борышының жай-күйіне мониторинг пен бағалау осы Тұжырымдамаға қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес жүзеге  
а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

Сонымен бірге, қазіргі уақытта аталған индикаторлар бойынша мемлекеттен органдарда статистикалық мәліметтер жоқ. Осыған байланысты, аталған индикаторлар бойынша мәліметтер жинау және талдау үшін статистикалық есептіліктің  
арнайы нысанын әзірлеу қажет.

Корпоративтік сектор ұйымдарының борышы

ЖКЕ түріндегі шектеу шараларынан және қор биржасындағы листингке қойылатын талаптардан басқа, корпоративтік сектордың борыштық міндеттемелерінің құрамын нақтылау маңызды сәт болып табылады. Сыртқы міндеттемелердің мөлшерін неғұрлым дәлірек айқындау үшін пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге лицензиясы және келісім-шарты бар шетелдік компаниялар филиалдарының тізбесін, сондай-ақ егер олар өзге де қызметті жүзеге асырған жағдайда, өтелетін шығындардың жалпы сомасынан



олардың барлауға бөлетін шығындарының жыл сайынғы мониторингін жасау  
қ а ж е т .

Жер қойнауын пайдалану саласында жұмыс істейтін шетелдік компаниялар филиалдарының және шетелдіктер қатысатын отандық ұйымдардың таяудағы 3, 6, 9, 12, 18, 24 айға, 3 жылға және 5 жылға, 5 жылдан асатын мерзімге шығындарды өтеудің (егер ОЕК болмаса, борышты өтеудің) және апифтіні есептеудің (егер ОЕК болмаса, проценттердің) және профит-ойлды (немесе, егер ОЕК болмаса дивидендтерді) төлеудің тоқсан сайынғы болжамын табыс етуін заң жүзінде регламенттеу қажет.

Үкімет жаңа келісім-шарттар бойынша өзіне алатын міндеттемелерді ерекше қарау қажет. Негізінен келісім-шарт талаптарымен өте ұзақ кезеңге (шамамен 40 жылға) арналған жоба үшін белгілі бір талаптардың өзгермейтіні көзделетініне байланысты ерекше қағидатты талап етеді. Осындай келісім-шарттарда экономикалық және қаржылық дағдарыстар кезеңінде шетелдік инвесторлардың қазақстандық ұйымдардың өнімдерін және өзге де ішкі активтерін (екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерді) алып қоюына тыйым салатын (немесе азайтатын) шарттарды көрсету мүмкіндігін зерделеу қажет.

#### 4.5 Жалпы үйлестіру, ұйымдастыру мәселелері

Осы Тұжырымдаманың ережелерінен туындайтын борышты басқару жөніндегі мемлекеттік функциялар бірқатар мемлекеттік органдардың қолданыстағы функционалдық міндеттері ескеріле отырып, олар бойынша бөлініп берілетін болады.

Экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган болжамды жүзеге асырады және елдің жалпы сыртқы борышының алдағы орта мерзімді кезеңге арналған ықтимал шектерін белгілейді, мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде елдің борышын басқарудың саясатын айқындайды. Бұдан басқа, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тұтастай мемлекеттік органдардың жалпы сыртқы борышты реттеу жөніндегі қызметін үйлестіреді.

Ұлттық Банк мемлекет басым қатысатын ұйымдардың және жеке сектордың сыртқы борышының жағдайына мониторинг жүргізеді, жалпы сыртқы борыштың жай-күйін жалпы бағалауды жүргізеді, экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Үкімет тиісті шаралар қабылдау үшін соңғысына елдің жалпы сыртқы борышының жағдайын жақсарту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

Жалпы сыртқы борышты реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың орындалуын қамтамасыз етуді тиісті мемлекеттік органдар, атап айтқанда, бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар - мемлекеттік басқару секторының борышы мен мемлекеттің шартты міндеттемелерінің, иелену құқығы бар уәкілетті органдар және/немесе тиісті

жергілікті атқарушы органдар - мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышы мен мемлекет акциялары 50%-тен аз қатысатын ұйымдардың борышының, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде Ұлттық Банк - қаржы секторы ұйымдарының борышының орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда жалпы сыртқы борышты басқару қызметіне өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар тартылатын болады.

Мүдделі мемлекеттік органдар жүргізетін жалпы сыртқы борыш жай-күйінің мониторингі мен оны бағалау сыртқы борыштың жай-күйін егжей-тегжейлі талдауды, оның ішінде ықтимал қатерлері мен дағдарысты жағдайлардың басталуын, резидент-қарыз алушылардың дағдарысты жағдайларды, олар туындаған жағдайда, еңсеруге дайындығын және т.б. қамтуы тиіс.

## **5. Қорытынды**

Осы Тұжырымдамада көзделген шараларды іске асыру Үкіметтің мемлекеттік сектор борышының және жеке сектордың сыртқы борышының оңтайлы параметрлеріне қол жеткізуіне әкеледі деп күтілуде, олар экономикалық қауіпсіздіктің тиімді деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ борыштық құралдардың ішкі нарығын одан әрі дамытуға түрткі болады.

Көрсетілген шаралар, олардың басымдылығына байланысты, кезең-кезеңімен іске асырылады, бұл ретте, бірінші басымдық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, екіншісі - борыштық құралдардың ішкі нарығын дамыту болып табылады.

Тиісті кезеңге арналған Орта мерзімді фискалдық саясатты қалыптастыру шеңберінде Үкімет мемлекеттік басқару секторы борышының параметрлерінің болжамын, мемлекет басым қатысатын ұйымдар борышын басқарудың негізгі бағыттарын, нарыққа қатысушылардың инвестициялық қоржынға қойылатын талаптарды орындауын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ нарықта бағдар орнату үшін орналастырылған және орналастыру жоспарланып отырған мемлекеттік бағалы қағаздардың көлемі мен түрлерін көрсете отырып, республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру құрылымын қамтитын мемлекеттік сектор борышын басқару стратегиясын бекітетін болады.

Осы Тұжырымдамада жазылған шараларды іске асыру Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актерлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Тұжырымдаманы іске асыру елдің жалпы сыртқы борышының тиісті деңгейін орта мерзімді кезеңде ЖІӨ-ге 65-70% деңгейіне дейін төмендетуге және елдің

жалпы сыртқы борышын ұзақ мерзімді перспективада ел үшін қауіпсіз деңгейде ұстап тұруға, мемлекеттік борышты, мемлекет басым қатысатын ұйымдардың борышын, мемлекеттің шартты міндеттемелерін сапалы басқаруға және несие капиталының сыртқы нарығында жеке сектордың қарыз алу мәселелерін тиімді реттеуге ықпал етуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы  
 ХВК - Халықаралық валюта қоры  
 ИДБ - Ислам даму банкі  
 ЖІӨ - Жалпы ішкі өнім

ЖҰӨ - Жалпы ұлттық өнім

Қазақстан Республикасы  
 Президентінің  
 2006 жылғы 29 желтоқсандағы  
 N 234 Жарлығымен  
 мақұлданған  
 Мемлекеттік және жалпы  
 сыртқы борышты басқару  
 жөніндегі тұжырымдамаға

## ҚОСЫМША

### Қаржы және корпоративтік секторлардың сыртқы борышының мониторингі мен оны бағалау үшін қолданылатын КӨРСЕТКІШТЕР

Көрсеткіштер	Айқындама	Пайдаланылуы/Бағалау
1	2	3
Қаржы секторы борышының көрсеткіштері		
1. Ашық валюта позициясы	Шетел валютасындағы активтер минус міндеттемелер плюс теңгерімнен тыс көрсетілетін шетел валютасындағы таза ұзын позициялар	Банк секторын пруденциалдық реттеу нәтижесінде әдетте төмен болып табылатын валюта тәуекеліне сезімталдық көрсеткіші
2. Төлем мерзімі бойынша активтер мен шетел валютасындағы міндеттемелердің сәйкестігі	Шетел валютасындағы міндеттемелер минус төлемнің белгіленген мерзімі бойынша шетел валютасындағы активтерден процент ретіндегі шетел валютасындағы активтер	Шетел валютасындағы қаржы секторын қаржыландыру қысқарған жағдайда орталық банктің резервтеріне қысым көрсеткіші
3. Шетел валютасындағы міндеттемелердің үлесі	Шетел валютасындағы міндеттемелердің активтердің және/немесе міндеттемелердің жалпы көлеміне қатынасы	Активтердің көлемін бағалауға арналған көрсеткіш

4. Шетел валютасындағы кредиттердің сапасы		Валюта бағамының құнсыздануына байланысты кредиттік тәуекелге қаржы секторы осалдығының көрсеткіші
Корпоративтік сектор борышының көрсеткіштері		
1. Левередж	Борыштың теңгерімдік құнының өз капиталына қатысы	Орнықты қаржы құрылымының негізгі көрсеткіші. Жоғары левередж басқа тәуекелдерге осалдықты арттырады
2. Қолма-қол ақша ағынына проценттік төлемдер	Жалпы болжалды проценттік төлемдердің қолма-қол ақшаның операциялық ағынына қатынасы (яғни проценттер мен салықтарды төлегенге дейін)	Жалпы қаржы тұрақтылығын бағалауға арналған қолма-қол ақша ағынының көрсеткіші
3. Шетел валютасындағы қысқа мерзімді борыштың шетел валютасындағы жалпы борыштағы үлесі		Левереджбен үйлестіріп пайдаланылады. Қаржыландыруды уақытша қысқартуға осалдық көрсеткіші
4. Активтердің рентабельділігі (салықтарды және проценттерді төлегенге дейін)	Пайданың салықтарды және проценттерді төлегенге дейін жалпы активтерге қатынасы	Жалпы кірістілік көрсеткіші
5. Шетел валютасындағы қолма-қол ақшаның таза ағынының қолма-қол ақшаның жалпы ағынындағы үлесі	Шетел валютасындағы қолма-қол ақшаның таза ағыны : шетел валютасындағы қолма-қол ақшаның болжамды құйылымы минус шетел валютасындағы қолма-қол ақшаның болжамды жылыстауы	Валюта бағамы өзгерісінің әсеріне өтімділік бейімділігінің көрсеткіші
6. Өз капиталына шетел валютасындағы таза борыштың қатынасы	Шетел валютасындағы таза борыш: шетел валютасындағы активтер минус шетел валютасындағы міндеттемелер; өз капиталы: активтер минус міндеттемелер	Валюта бағамының өзгерістерінен теңгерімдік есептілік нәтижелерін бағалау көрсеткіші